

A. A. ЖОЛДАСОВА

## ЯСАУИ «ХИКМЕТТЕРІНДЕГІ» КҮРДЕЛІ ЕТІСТІКТІҢ ТҮРЛЕРІНЕ СИПАТТАМА

Құранды етістіктер дегеніміз есім сөздерге белгілі көмекші етістіктер тіркесіп, оған қымыл мағынасын қосу арқылы жасалған етістіктер болып табылады. Мысалы: қызмет ет, жәрдем ет, адам ет т.б.

Құранды етістік жасайтын көмекші етістіктердің қызметін есім сөзден етістік жасайтын жұрнақпен салыстырып, олардың екеуінің де есім сөзден етістік жасайтынын коруге болады. Мысалы, жәрдем ет – жәрдемдес, сыйлық ет – сыйла, мазақ ет – мазақта, құрмет ет – құрметте, еңбек ет – еңбектен, қор ет – қорла, айғақ ет – айғақта, жыр ет – жырла, әдет ет – әдет т.б. Мұнда құранды етістіктердің тілде синоним туынды түбір етістіктері бары анықталады. Олар әр есім сөзден тілде аналитикалық тәсіл арқылы да, синтетикалық тәсіл арқылы да туынды етістіктер жасалғанын билдіреді. Ал ол – құранды етістік жасайтын көмекші етістіктердің есім сөзге жұрнақ сияқты қымыл мәнін қосқанына толық дәлел. Көмекші етістіктер арқылы жасалған құранды етістіктердің туынды етістік екенин олардың сөйлемде етістік сөздер үлгісімен түрленеуде дәлелдейді: Жауқазындар гүл атты.

Осы мысалдардағы құранды етістіктер сөйлемде осы шақ, жіктік жалғау (*ант етеміз*), өткен шақ (*гүл атты*) қосымшаларымен түрленген. Басқа да етістіктің сөз түрлендіру қосымшаларын түгел қабылдайды. Құранды етістіктердің негіз сөзі есім сөздерден басталады. Мысалы, адам ет, жарқ етті, солай ет, жақсы бол, қызмет қыл.

Тілде құранды етістік жасайтын белгілі көмекші етістіктер бар. Олар көп емес. Атап айтқанда, ет, қыл, бол, тарт, ат, сок, ұр, бер. Бұлардың ішінде ең өнімдісі – ет көмекші етістігі. Ол арқылы ете көп құранды етістіктер жасалған. Мысалы, еңбек ет, құрал ет, бала ет, құрбан ет, қаст ық ет т.б.

Түркологияда көп уақытка дейін көмекші етістік грамматикалық мағына үстейді деп есептеліп келді. Мұндай грамматикалық мағына үстенеу көмекші етістіктер құрамында жоғарыда аталған ет көмекші етістігінде бар. Құранды етістік жасауда белсенді қызмет атқаратын ет көмекші етістігімен қатар казір оның қызметі біршама бәсендеген. Қазіргі тілімізде бұл етістік мына сөздердің құрамында кездеседі: сәлем қыл, міндет қыл, адам қыл, ойран қыл, үміт қыл, тәубә қыл, жазым қыл, жок қыл т.б.

Байқағанымыз, қыл көмекші етістігі арқылы жаса-

лған құранды етістіктер хикмет тілінде өте актив қолданылады. Олар ет көмекші етістігінің де орнына жұмсалады деген ойдамыз. Бұған дәлел ретінде хикмет тілінен мынадай мысалдар келтіруге болады:

**Дүниядаги күрт уа курилар қылды салам –**  
Ұшқан құс, күрт-құмырсақ етті сөлем [3. 219]

**Жан уа дилим аңа ғида қылды мана –**  
Жан-тәнімді оған пида еттім міне [3. 228]

**Рузи қылды, жаннат куриб хорлар құштим –**  
Несібе етті, жаннат кіріп хорлар құштым [3.211]

**Башдин аяқ ғафлаттарим рана қылды –**  
Бастан-аяқ нағандықтан азат етті [7. 434]

**Бандаликка қабул қылды, қылма арман –**  
Пенделікке қабыл еттім, қылма арман [5. 290]

**Мадат қылыб, илким тутуб, алды достлар –**  
Медет қылып, қолымды алды, достар [5. 284]

**Персиз иуриб, дард уа халат пида қылды –**  
Персіз жүріп, дерт пен шерді

пайда қылдым [4. 259]

**Иансур сифат дидар учун ғога қылдым –**  
Иансур сипат дидар үшін талас қылдым [4. 258]

**Шоук шарабин ичтим ирса қылды хараб –**  
Сауық шарабын ішіп едім, қалдым күйіп [62. 3275]

**Рахмат бирлан назар қылғыл, Қожа Ахмадқа –**  
Рахмет етіп, назарын сал Қожа Ахметке [14. 781]

**Иша қылдым: дана болса, магна алсын –**  
Ишарат еттім, дана болса, мағына алсын [11. 607]

**Тоба қылдым, хүэсам қабыл қылды, достлар –**  
Тәубә қылдым, Қожам қабыл қылды достар [5.312]

**Куна дарди қасал қылды бишар болдым –**  
Күнә дерті ауру қылды, кесел болдым [6. 370]

**Магрифатни майданида жолын қылды –**  
Фылым-білім майданында бас айналды [7. 420]

**Хизмат қылмай дард халат болмас пайда –**  
Қызмет қылмай бос қиял бермес пайда [8. 490]

**Ол кадирин худрат бирла назар қылды –**  
Ол тәнірім құдіретімен назар салды [9. 521]

**Фарип Бандаң бул дүниядын сағар қылды –**  
Фаріп пенден бұл дүниеден сапар шекті [9. 523]

**Нафсим мени хая қылды, йолда қалдым –**  
Нәпсім мені алдап кетті, жолда қалдым [9. 555]

**Надарларга айтсаң сузың қылмас қабул –**  
Надандарға айтсан, сөзің қабыл болмас [9. 567].

Хикмет тілінде қыл көмекші етістігі арқылы жасалған етістіктердің жүзден асатынын айта кету керек. Және олардың берер мағынасы *ет* етістігімен

синонимдес. Ал *ет* етістігі «Хикметтер» тілінде *айлади* сөзімен де алмасып беріліп, өз мағынасында жұмсалуы мына мысалдарда көрінеді.

**Нафсим мени жолдан ориб қуар айлади –**

Нәпсім мені жолдан бұрып қор етеді [1. 93]

**Телмуртурууб халайыққа зар айлади –**

Телміртіп халайыққа зар етеді [19.94]

**Зикир айтурмай шайтан бирла яр айлади –**

Зікір салдырмай шайтанға «жар» етеді [1. 95]

**Иашим иети игирмага, үттим макам –**

Жиырмаға жасым жетті, еттім макам [3.217]

**Руз, маҳшар рахим еттисан, халим табан –**  
Махшар күнін рахым еткін халім нашар [5. 322].

**Қазіргі қазақтінде құранды етістіккің бірі – бол**  
көмекші етістігі арқылы да жасалатыны мәлім.  
**Мысалы:** жақсы бол, адам бол, мерт бол, үйр бол,  
ғашық бол, қабыл бол, жігіт бол, ырза бол т.б.

Хикмет тілінде **бол** көмекші етістігі арқылы біршама етістіктер жасалған. Олар құранды етістіктің өнімді түрі – *ет* көмекші етістігінің мағынасында қолданылған. Мұны мына мысалдардан көруге болады:

**Каниғ болыб шауқ шарабин ичтим мана –**

Қанағат етіп сауық шарабын іштім міне [1. 20]

**Мен игирма екі иашта фана болдым –**

Мен жиырма екі жаска толып,  
жігіт болдым [4. 237]

**Мархам болыб, чин дартилкка дауа болдым –**

Шипа болып, шын дөртке дауа болдым [4. 239]

**Иандин кечиб, михнат тартиб, садиқ болдым –**

Жаннан кешіп, михнат тартып садық  
болдым [4. 266]

**Андин соңра дарганига лайық болдым –**

Одан кейін дидарында лайық болдым [4. 267]

**Хақдин ильам рафиқ болыб бабын ачти –**  
Хақтан шабыт жолда болып есік ашты [6. 363]

**Сахи болыб жам-шараб хожам тутти –**

Сақи болып жам-шарапты ием тұтты [6. 366]

**Закир болыб, шакир болыб, хақни таптым –**

Зікір айтып, риза болып хақты таптым [9. 525]

**Намдам болыб иер астыга кирдім мана –**

Серік болып жер астына кірдім міне [9. 544]

**Зикирин айтыб ич орашым тапир болды –**

Зікір айтып, іш сарайым таза болды [3.214]

**Бир суз бирла наранлардин болды жуда –**

Бір сөзбенен жарандардан болды жуда [11. 612]

**Хақ дадиңга иетмас болса, құлли болғыл –**

Құдай тілек бермесе, сабыр еткін [11. 633]

**Махаббатни багын кезмай ғашық болмас –**

Махаббаттың бағын кезбей ғашық болмас [12. 699]

**Иа, достлар, надан бирлан үлфат болыб –**  
Ей, достар, наданменен жолдас болып [15. 783]

**Ачилмагай гул ғунчаси нам болмаса –**

Бәйшешек ашылар ма су болмаса [15. 822]

**Муршид болмай, нар киз мурад табиадилар –**  
Басшы болмай әр кез мұрат табылмай дұр [40. 1717]

**Аят, хадис нар ким айтса, самиг болғыл –**

Аят, хадис айтқандарға құлак салғын [1.18]

**Андал азлум иолда болса, намдам болғыл –**  
Көре қалсан ұсқепірді сырлас болғын [1. 10]

**Хикметтілінде мысалга келтірілгендей бол**  
етістігі арқылы құранды етістіктер біршама көп жа-  
саған. **Ал кейбір комекші етістіктер тарт, ат,**  
сок, бер, ұр арқылы бірлі-жарым ғана құранды  
етістіктер жасалады. **Мысалы:** сарғыш тартты,  
зуреге түсті, гул атты, телефон соқ, тат берді,  
т арс ұрды. Бұл етістіктер қазіргі қазақ тілінде осы  
тектек (жоғарыдағы мысалдарда) сөз тіркестері  
қурамында ғана кездеседі. **Хикметтілінде тәк тарт**  
көмекші етістігі арқылы жасалған құранды етістіктер  
бірлі-жарым сейлемдерде ғана кездескен. Мысалы:

**Farf ғашық болай десең алаш тартқыл –**  
Білгір ғашық болам десен, азап тартқын [32. 1339]

**Фарыблығда меҳнат тартыбы болды хабиб –**

Фаріптікте азап тартып, сүйді жанып [1. 22]

**Жафа тартиб яратқанга болды кариб –**

Жапа тартып жаратқанға келгені анық [1. 23]

## ӘДЕБІЕТ

1. Басқаков Н.А. Историко-типологическая морфология тюркских языков: (Структура слова и механизм агглютинации). М., 1979.

2. Боровков А.К. Лексика Среднеазиатского тифсира XII–XIII вв. М., 1963.

3. Кононов А.Н. Грамматика тюркских рунических памятников VIII–XI вв. Л., 1980.

4. Қордабаев Т., Томанов М. Тарихи грамматика мәселелері. Алматы, 1975.

5. Қожса Ахмет Яссайди. Диуани Хикмет (Ақыл кітабы). Алматы, 1993.

6. Сагындықов Б. Ескі түркі жазба ескерткіштері тура-лы зерттеулер. Алматы, 1971.

7. Чакыр Р. Қ. А. Яссайди. Диуани Хикмет кітабының қазақ тіліндегі аудармалары және әдеби байланыстар проблемасы: филол. ф. канд. дис. Алматы, 1998.

8. Ысқақов А. Қазіргі қазақ тілі. Морфология. Алматы: Мектеп, 1974.